

«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р.Т. Емелбаев

« » 2023 ж.

**«Ағылшын тілі» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Тест мазмұны:** «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагог қызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Сөйлеудің фонетикалық аспектісі.	01	Ағылшын тілінің фонетикалық құрылымы. Сөйлеу мүшелері және олардың қызметі. Ағылшын тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуі.
		02	Оқу ережелері. Буынның 4 түрі. Екпін. Екпін түрлері. Сөйлемнің әртүрлі түрлеріндегі интонация.
02	Сөйлеудің лексикалық аспектісі.	03	Синонимдер. Антонимдер
		04	Фразалық етістіктер. Идиомалар
		05	Мақал-мәтелдер. Тұрақты сөз тіркестер.
		06	Сөзжасам. Көп мәнді сөздер. Күрделі сөздер.
		07	Аббревиатура. Акронимдер
03	Сөйлеудің грамматикалық аспектісі	08	Зат есім. Артикльдер
		09	Мекен, уақыт және бағыт пен қозғалысты білдіретін демеуліктер. Құрамды демеуліктер және бағыныңқы жалғаулықтар
		10	Есімдіктер. Есімдіктердің түрлері
		11	Сан есім. Есептік және реттік сан есімдер. Бөлшектік және ондық сан есімдер
		12	Сын есім мен үстеудің салыстырмалы шырайлары
		13	Category of case зат есімдері. Салыстырмалы құрылыстар. Әртүрлі сөз таптарымен айқындалатын анықтауыш
		14	Етістік. Етістіктің шақ түрлері
		15	Анықтауыштың қолданылу орын тәртібі. Өздік және ырықсыз етістер. Сұрақ түрлері
		16	Модальды етістіктер және олардың баламалары.

		17	Күрделі қосымша “Complex Object”. Күрделі толықтауыш. Күрделі бастауыш. Толықтауыш қызметіндегі «it» есімдігі. Құрамында to және for демеуліктері бар және іс-әрекеттің мекенін білдіретін толықтауыш. Демеулік толықтауыш.
		18	Direct and Indirect Speech (Төл сөз бен төлеу сөз) Шақтардың қиысуы
		19	Шартты рай. Есімше түрлері I және II. Есімшелік орам 0, 1, 2 және 3
		20	Герундий. Тұйық етістік. Сөйлемдегі герундий мен тұйық етістіктің қызметі. Тұйық етістіктің орамдары
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Сөйлеудің фонетикалық аспектісі – сөйлеу және екпінді-ритмдік дағдылардың жетілуі, сөйлеудің дұрыс дыбысталуын қадағалау, дұрыс дыбыстау және ағылшын тілінің барлық дыбыстарының айтылуын ажырату, сөз және сөз тіркесіндегі екпіннің сақталуы, хабарлы, сұраулы және лепті сөйлемдердегі дұрыс екпіннің сақталуы.

Сөйлеудің лексикалық аспектісі – сөздерге лингвистикалық білімін сөйлеу бірліктерінде қолдана білу. Сөзжасам құралдары әлеуетті сөздікті құру және кеңейту үшін. Сөзжасам тәсілдері: конверсия (етістік-зат есім: to import – import; to increase – increase; сын есім-зат есім: poor – the poor); күрделі сөз (зат есім-зат есім housework; сын есім-зат есім: wildland); сөздердің қысқаруы (қысқарған сөздер, акронимдер, сөздердің араласуы және т.б.); confused words: degree, certificate; pass, take; tutor, instructor, pupil, student; subject, lesson, course; read, revise, review. Phrasal verbs (get into, work out, point out, pickup, get on with, drop out, see off, drop off, get back, make for, slow down, set off, speed up, take off); синонимдік қатар, антонимдік жұптар, сөздердің көпмағыналылығы.

Сөйлеудің грамматикалық аспектісі – сөздерге лингвистикалық білімін сөйлеу бірліктері сияқты қолдана білу. Белгілі, белгісіз және нөлдік артикльдерді; болымды және ырықсыз етістердің етістіктерін; күрделі етістіктерді Complex Object; күрделі бастауышты Complex Subject; демеулік толықтауышты; толықтауыш қызметін атқаратын it есімдігін; іс-әрекет бағытын білдіретін to және for жалғауларымен жасалатын толықтауыштарды қолдану дағдыларын белсендіру; төл сөзден төлеу сөзге ауыстыру дағдыларын белсендіру; шақтардың қиылысу ережелерінің сақталуы; модальді етістік және олардың баламаларының сөйлемде қолданылуы; есімдіктің барлық түрлерінің сөйлемде қолданылуы; үстеу мен есімдіктің салыстырмалы құрылымдарының сөйлемде қолданылуы; реттік, есептік, бөлшектік, жинақтық сан есімдер; мекен, мезгіл, бағыт демеуліктері; жиі қолданылатын туынды демеуліктер; негізгі бағыныңқы шылаулар. 0, 1, 2, 3-ші топтағы шартты сөйлемдер және олардың түрлері. Бағыныңқы мақсат және іс-қимылды құрмалас бағыныңқы сөйлемдер. I wish/If only құрылымы; етістіктің туынды формасы (причастие, герундий, инфинитив), инфинитивтің сөйлемдегі қызметі, for және to демеуліктерімен инфинитивті орамдар; герундийдің сөйлемдегі қызметі, тәуелсіз есімшелі орам.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1,5-2 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.


9. Әдебиеттер тізімі:

1. Jenny Dooley, Bob Obee. Aspect for Kazakhstan Grade 10 (Grammar Schools) Student's book. - Express Publishing, 2019
2. Jenny Dooley, Bob Obee. Aspect for Kazakhstan Grade 10 (Grammar Schools) Workbook & Grammar book. - Express Publishing, 2019
3. Jenny Dooley, Bob Obee. Aspect for Kazakhstan Grade 10 (Grammar Schools) Teacher's book. - Express Publishing, 2019
4. Jenny Dooley, Bob Obee, N. Mukhamedjanova. Aspect for Kazakhstan Grade 11 (Grammar Schools) Student's book. Express Publishing, 2020
5. Jenny Dooley, Bob Obee, N. Mukhamedjanova. Aspect for Kazakhstan Grade 11 (Grammar Schools) Workbook & Grammar book. Express Publishing, 2020
6. Jenny Dooley, Bob Obee, N. Mukhamedjanova. Aspect for Kazakhstan Grade 11 (Grammar Schools) Teacher's book. - Express Publishing, 2020
7. Бонк Н.А., Левина И.И., Бонк И.А. Английский шаг за шагом. Часть 1.- М: Эксмо, 2015
8. Бонк Н.А., Левина И.И., Бонк И.А. Английский шаг за шагом. Часть 2. –М: Эксмо, 2014
9. Голицынский Ю.Б. Грамматика: Сборник упражнений. 7-е изд. – М., 2012
10. Суперанская А.В. Аббревиация в терминологии. М.-Либроком, 2012, с.219-223
11. Антрушина Г.Б. Лексикология иностранного языка. М.: Юрайт, 2019
12. Качалова К.Н. Практическая грамматика английского языка с упражнениями и ключами. – М.: Юнвес Ладком, 2011
13. Израилевич Е.Е., Качалова К.Н. English: практическая грамматика английского языка с упражнениями и ключами. – М.: Каро БАЗИС, 2014
14. Қақжанова Ф.А. Ағылшын тілінің практикалық курсы. – Алматы, 2011
15. Мейрамова С., Кемпбелл-Томсон О. Английский язык (практический курс) – Астана, 2017
16. Мюлер В.К. Полный англо-русский, русско-английский словарь. 300 000 слов и выражений. – М.: Эксмо, 2013
17. David Spencer .Gateway for Kazakhstan Grade 10 (Humanities schools) Digital Student's Book Premium Pack. - Macmillan Publishers, 2019
18. Annie Cornford, Frances Watkins. Gateway for Kazakhstan Grade 10 (Humanities schools) Workbook. - Macmillan Publishers, 2019
19. Anna Cole, Ursula Mallows. Gateway for Kazakhstan Grade 10 (Humanities schools) Teacher's Book Premium Pack. - Macmillan Publishers, 2019
20. Аракин В.Д. Практический курс английского языка. – М.: Владос, 2015
21. Бонк Н.А., Левина И.И., Бонк И.А. Английский шаг за шагом. Полный курс. – М.: Эксмо, 2014
22. Драгункин А.Н. Универсальный учебник английского языка. – М.: Рипол Касси, 2012
23. Oxford Essential Dictionary 2nd ed for elementary and pre-intermediate students. Толковый словарь английского языка для уровней elementary & pre-intermediate. - Interpress Distribution, 2015
24. Oxford Wordpower Dictionary 4th for Intermediate Students. Толковый словарь английского языка для уровня Intermediate. - Interpress Distribution, 2015
25. Кузнецова Т. Козлов П. Английский язык. - Алматы, 2008

26. Кулсон Д. Oxford Russian Dictionary. -Москва, 2000
27. Миловидов В.А. 10 консультаций по английскому языку. – Москва, 2010
28. Pauline Cullen. Common Mistakes at IELTS intermediate.-Cambridge University Press,2016
29. Авторская группа издательства Кембридж. Official Top Tips for IELTS general training. - Cambridge University Press, 2016
30. Авторская группа издательства Кембридж. Cambridge Learner's Dictionary English-Russian.- Cambridge University Press,201
31. Бейзеров В.А. Английские пословицы и поговорки. English proverbs. -2-е изд., М: ФЛИНТА, 2015
32. Литвинов П.П. 3500 английских фразеологизмов и устойчивых словосочетаний. –М.: Астрель, 2007
33. English grammar in USE, Raymond Murphy. Cambridge University press

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті



(қолы)

(Т.А.Ә)

« _____ » _____ 202__ ж.

Қолы;





